

## Тасқала ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № 140 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 мамырда № 5211 болып тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 13.01.2020 № 2 қаулысымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №55 "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығын (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 ақпанда №13285 болып тіркелді) басшылыққа ала отырып, Тасқала ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Тасқала ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. Тасқала ауданы әкімі аппаратының басшысы (М.Мырзаш) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Баяндықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2018 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Әлиев

Тасқала ауданы әкімдігінің  
2018 жылғы 29 мамырдағы  
№140 қаулысына  
қосымша

## Тасқала ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймақ коэффициенті
	Тасқала ауданы	

Тасқала ауылдық округі		
1.	Тасқала ауылы	2,35
2.	Жігер ауылы	1,75
3.	Бірлік ауылы	2,0
Ақтау ауылдық округі		
4.	Ақтау ауылы	2,2
5.	Беленькое ауылы	1,7
6.	Қызылбас ауылы	1,6
7.	Черная Впадина ауылы	1,7
Амангелді ауылдық округі		
8.	Амангелді ауылы	2,35
9.	Шежін-1 ауылы	2,1
Достық ауылдық округі		
10.	Достық ауылы	2,2
11.	Бастау ауылы	1,95
12.	Ынтымақ ауылы	2,05
Қосшы ауылдық округі		
13.	Оян ауылы	2,2
14.	Кеңжайлау ауылы	1,75
Қазақстан ауылдық округі		
15.	Атамекен ауылы	2,25
16.	Қалмақшабын ауылы	1,5
17.	Алмалы ауылы	1,4
18.	Қисықсай ауылы	1,5
Мереке ауылдық округі		
19.	Мереке ауылы	2,2
20.	Қалмақ ауылы	1,75
Мерей ауылдық округі		
21.	Мерей ауылы	2,2
22.	Аққайнар ауылы	1,6
23.	Өркен ауылы	2,2
24.	Айнабұлақ ауылы	2,2
25.	Тоғайлы ауылы	2,2
Шежін ауылдық округі		
26.	Шежін-2 ауылы	2,2
27.	Ермольчево ауылы	1,5
28.	Талдыбұлақ ауылы	1,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК